

2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Константиновка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 6-38-22 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қаңтарда № 5790 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 7-тармағымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Айыртау ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Константиновка ауылдық округінің бюджетін осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3- қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 22 282,0 мың теңге:

салықтық түсімдер – 4 075,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 18 207,0 мың теңге;

2) шығындар – 22 282,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 25.11.2020 № 6-47-12 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығы;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

4) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

5) сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы.

3. Ауылдық округ бюджетінің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан ауылдық округ бюджетіне түсетін түсімдер болып табылатыны белгіленсін.

5. Аудандық бюджеттен ауылдық округ бюджетіне табысталған бюджеттік субвенция 12 167,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

6. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер 6 040,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттердің бөлуі 2020-2022 жылдарға арналған Константиновка ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 25.11.2020 № 6-47-12 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихаты
XXXVIII сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының хатшысы

С.Пономарев

Б.Жанахметов

Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы
30 желтоқсандағы № 6-38-22 шешіміне 1
қосымша

2020 жылға арналған Айыртау ауданы Константиновка ауылдық округінің бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 25.11.2020 № 6-47-12 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты			Атауы	Сома , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
1	2	3	4	5
			1)Кірістер	2 282,0
1			Салықтық түсімдер	4 075,0
	01		Табыс салығы	0,0
		2	Жеке табыс салығы	0,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 075,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	36,0
		3	Жер салығы	145,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 894,0
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттер түсімі	1 8207,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 8207,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	1 8207,0
Функционалдық топ			Атауы	Сома , мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	2 282,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 5972,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 5972,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 5972,0

07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 210,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 210,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 500,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	4 110,0
13		Басқалар	100,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	100,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	100,0
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сом а, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы
30 желтоқсандағы № 6-38-22 шешіміне 2
қосымша

2021 жылға арналған Айыртау ауданы Константиновка ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы	Сом, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
		2) Кірістер	20 067,0
1		Салықтық түсімдер	4 279,0

04		Меншікке салынатын салықтар	4 279,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	36,0
	3	Жер салығы	145,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 098,0
2		Салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттер түсімі	15 788,0
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	15 788,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	15 788,0

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ		Атауы	Сома, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		2) Шығындар	2 006,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 639,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 639,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 639,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 570,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 570,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 575,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	630,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 365,0
13		Басқалар	105,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	105,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	105,0
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредитерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0

		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сом , мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы
30 желтоқсандағы № 6-38-22 шешіміне 3
қосымша

2022 жылға арналған Айыртау ауданы Константиновка ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Атауы	Сом, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
		3) Кірістер	20 430,0
1		Салықтық түсімдер	4 493,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	4 493,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	36,0
	3	Жер салығы	145,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 312,0
2		Салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттер түсімі	15 937,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	15 937,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	15 937,0

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ		Атауы	Сом , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		2) Шығындар	20 430,0

01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 6 571,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 6 571,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 6 571,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 749,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 749,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 654,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	662,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 433,0
13		Басқалар	110,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	110,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	110,0
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сом , мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0